

## **Тәжірибелік сабақ №15.**

**Тақырыбы:** Көтеш ақынның өмірі, шығармашылығы.

**Мақсаты:** Көтеш шығармаларымен таныстыру арқылы өзіндік ерекшелігін айқындап көрсету; Көтеш шығармаларындағы ақындық дәстүр; өлеңдерінің тақырыптық идеялық ерекшелігі, көркемдігі; студенттердің өзіндік көзқарасын, дүниетаным қалыптастыру. Жанақ ақынның шығармашылығымен кеңірек таныстыру, талдау жасау; жанрлық, тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін айқындап көрсету.

**Тапсырма:** Көтеш ақынның өмірі, шығармашылығы туралы ауызша баяндау. Толғауларын жаттау.

**Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау:** XVIII ғасырда ақындық дәстүрді жалғастырған сөз зергерінің бірі. Ол Баянауыл аймағында дүниеге келген. алғаш рет 7 жасында абылайға қарсы бас көтерген Мейрам руының намысын жыртықан өлеңі арқылы («Абылай, Ботақанды сен өлтірдің») аты шығады. Жарлы тектен шыққан және өмір бойы жоқшылық қасіретін көрген. Көтеш қартайған шағында ең далада кісі қолынан қаза табады. Оның «Алдымнан алты пұшық анталады» т.б. шығармалары бар.

Шығармаларының негізгі тақырыптары:

1. Ру басы, хан-төрелерге арнап шығарған: «Кәрібай болысқа айтқаны»
2. Ру басы, хан-төрелерінің келеңсіз іс-әрекеттерін, парақорлығын сынайды.
3. елдің тұрмыс тіршілігі жайлы.
4. Дәуір, заман көрінісі.

Әдістемелік нұсқау:

Шығармаларының тақырыбы:

1. Кедейлік, жоқшылық, туралы.
2. Адамдардың жаман мінезін сынау.
3. Қайырымсыз бай, қатыгез ағайындарды сықақ етіп жазған өлеңдері.
4. Кәрілік туралы. Шығармалары – түгелдей экспромтпен айтылған өлеңдер. Кез келген нәрсені өлеңге айналдыратын жүйрік ақын болған.

**Пысықтау сұрақтары:**

1. Өмірі, шығармаларының зерттелуі.
2. Шығармаларының негізгі тақырыптары.
3. «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» толғауын жатқа айту, әдеби-теориялық талдау.

**Есеп беру түрі:** ауызша, толғауларына әдеби талдау жасау, жатқа айту.